

Байсымақ А., 1-курс

**Фылыми жетекшісі: Азаділова Л. А., тілдік дайындық кафедрасының
оқытушысы
(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Әрбір жүргегі елім деп сокқан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы ояу ғана адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Хал-

ъымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыс ар жасалуы қажет.

Қазақ тілінің тағдыры, болашағы Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан әрбір заматты алаңдатары анық. Тарихтың сан алуан соқпағында «мың әліп, мың тірілген» қазақ алқы қаншама «тар жол тайғақ кешулерді» басынан кешіріп, киындық көрсе де ешқашан ілінен, дінінен айырылған жоқ. Сонымен қатар өз ана тілін білмейтін бауырларымыз да аз мес. Оны ешкім жоққа шығармайды. Себебі олар көптеген жылдарға созылған Ресейдің ұрыстандыру саясатының құрбандары.

Қазақстанда бүгінгі күні 16 миллион халықтың 11 миллионы қазақтар, солардың 3 миллионы қазақ тілін білмейді, немесе нашар біледі. Ал қалған 8 миллионы қазақша біледі және із ойын ана тілінде жеткізе алады.

Тілдің табиғилығы мен оның даму мәдениеті ертеден бері көтеріліп келе жатқан мәселе, ішл ұлттық таным мен ұлттық сана сезімнің қалыптасуынан келіп шығатын үрдіс екені белілі. Қазіргі тілдің даму ширегіне жеткен кезінде, сондай-ақ замани дамуға байланысты іларалық қарым-қатынастың тереңдей түскен шағында қазіргі тіл тазалығымен оның мәдениетінің дамуын әлеуметтік лингвистика, психолингвистика сияқты тілдің ғылымның өзге штасқан салаларымен байланыстыра қарап бағамдауымыз қажет.

Тіл – сөйлеу мен ойды жеткізуіндегі құралы болумен қатар, өткен тарихты бүгінгі күнге, ал үзінгі ой-пікірлерімізді, жетістіктерімізді келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды міндеттік атқарып келеді. Халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай деңгейде ойласа, сол аяда сөйлейді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап, арада біраз уақыт етті. Осы уақытта еліміз көпеген жетістікке, биіктеге жете білді. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнерсәсіп, ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Қазақ тілін дамытуда әр сала өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де үштілді құрметтегемейді.

1989 жылғы Тіл туралы Заның және Конституция негізінде ұлттық білімнің жандаруына мүмкіндік туды.

Қазақстанның барлық жоғары және арнаулы орталық оқу орындарында қазақ тілінде оку үзілімдері ашылды. Соңғы жылдарды 300-ден астам жалпы орта білім беретін қазақ мектептері ашылып, олардың саны — 3,3 мыңға жетті. Республикада 17 ұлт тілінде жүздеген мектеп бар. 12 тілде газеттер мен журналдар шығып тұрады, 11 және 6 тілде хабар жүргізетін телевидение-радио қызмет етеді. 1999 жылғы 11 маусымда — Қазақстан Республикасының «Білім турағы» Заңы жарияланды. 2006 жылдың басында республика бойынша 252.800 ұстаз енбек ұтуде.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен байланысты халыққа білім беру жүйесінің халаралық байланысы кеңейді. Білімді мамандарды көбейту мақсатында жастарды шетелдердің беделді оқу орындарына жіберу өзекті сипат ала бастады. 1993 жылғы 5 қарашада Президенттің «Болашақ» атты 250 халықаралық стипендиясы белгіленді.

Елбасы айтқандай: «Дағдарыс өтеді де кетеді. Ал, мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгілік қалады». Әр ұлт ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне тән тілімен, салт дәстүрімен ерекше. Біз үшін Қазақстан — біздің Отанымыз, ал Отанымыздың тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты Нұрсұлтан Әбішұлы «Мемлекет өз тарапынан тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр, бүгінгі күні қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазда мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Әлі-ақ, қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады, тек оны насихаттай білуіміз керек. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуы тиіс», — деді.

Тіл, дін, діл жалпы ұлттық мұддеге келгенде, бөлініп бұра тартпай, біріккеніміз дұрыс. «Бөлінгенді бөрі жейді, төртеу түгел болса, төбедегінің келетінін» ұмытпауымыз керек.